

Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы 25 апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 17.02.2025. жыл - 21.02.2025жыл.

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н

Шулембаева Ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.02.2025	Сейсенбі 18.02.2025	Сәрсенбі 19.02.2025	Бейсенбі 20.02.2025	Жұма 21.02.2025.
Балаларды қабылдау.	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту- сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры : Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шаттық шеңбер (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыста. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады, Қайырлы таң балалар. Сәлем бердім, саған елім. Әңгімелесу: «Ұй құстарын ата» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.) Міндеттер: ұй құстары туралы түсініктерін кеңейту. Тіршілік ету ортасын, қоректенуі туралы мағлұмат беру. Құстардың				

	<p>адамдарға келтіретін пайдасына тоқталу, ұй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Сөздік қоры: ұй құстары.</p> <p>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында.</p> <p>Міндеттері: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Ойын бұрышында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	<p>№ 1 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту)</p> <p>« Көңілді жаттығу.»</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүртуі және сүлгіні іліп қою, Тақпақ. (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті)</p> <p>Кел күлейік, Кел балалар, күлейік. Күлкіменен түлейік, Күлкі көңіл ашады. Күліп өмір сүрейік. (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдинетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, әдептілікке сақтау.</p> <p>Балалардың ұқыпшылығын бағалау.</p> <p>Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	<p>Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде киеді?» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиеті-коммуникативтік қызмет) Міндеті: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қыстап қалатын құстар» (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет.) Міндеті: қыстап қалатын құстардың тіршілігін және оларға қамқорлық қажет екенін түсіну, білімдерін кеңейту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: « Көліктер қандай түсті?» (сенсорика негіздері-танымдық қызмет) Міндеті: түсі бойынша көліктерді айыра білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қалта» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет коммуникативтік қызмет) Міндеті:балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Кім тез жинайды?» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік) Міндеті:жеміс пен көкөністерді тез топтастыруға үйрету.</p>

	молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	« Шамаларды салыстыр» ойын: (2 жас) Сенсорика , математика негіздері Міндеті: берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып түсі көлемі бойынша салыстыру. Сөздік қоры: шама. (3 жас) «Таныс пішіндер доминосы» ойыны Міндетті: бірдей заттарды салыстыру. Сөздік қоры:ұзын-қысқа.	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. (2 жас) «Үй жануары» ойыны Міндеті (кімге әкелді? неге әкелді?) сұрақтарға жауап беруге , өз ойын айтуға үйрету. Сөздік қоры :қой. (3 жас) «Төлін тауып бер» ойыны Міндеті: жұмбақ шешкізу, санамақ айтқызу. Сөздік қоры: бұзау. Дене шынықтыру. «Түлкінің ізімен жүр» ойыны (2 жас) Міндеті: белгі бойынша тоқтап ,	(Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) (3 жас) «Көпір» ойыны. (2 жас) Міндеті: қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Сөздік қоры: көпір. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Үй жануарлары» ойыны (2 жас) Міндеті:үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын дұрыс айтуға үйрету.	Сенсорика математика негіздері «Өлшемі бойынша салыстыр» (2 жас) ойыны. Міндеті: түсі бойынша заттарды салыстыру. Сөздік қоры: үлкен -кіші. «Себеттердегі алманы салыстыр» ойыны (3 жас) Міндеті: жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қоры: алма. Қазақ тілі «Әшекей бұйымдар» ойыны.	Музыка «Ана» ойыны (2жас) Міндеті: әнді жеке және топпен айту,әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Сөздік қоры: ана. (3жас) «Менің әжем» Міндеті: ән айту. Сөздік қоры:әже. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Қай жыл мезгілі» ойыны (2жас) Міндеті: балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен

	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. «Қайсы қайда тұрады?» ойыны. (2 жас) Міндеті: байланыстырып сөйлеу. Сөздік қоры: қасқыр. «Аю мен қояндар» ойыны. (3 жас) Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Сөздік қоры: аю мен қоян. Қоршаған ортамен таныстыру. «Орман тұрғындары» ойыны. (2 жас) Міндеті: ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Сөздік қоры: аю. (3 жас) «Жабайы жануарлар» ойыны. Міндеті: жақсы және жаман әрекеттерді</p>	<p>иректелген лентаның бойымен жүру. Сөздік қоры: жүру. Дене шынықтыру «дене шынықтыру (нұсқаушысының жоспары бойынша) Сенсорика математика негіздері «Бөлігін тап» ойыны (3 жас) Міндеті: екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Сөздік қоры: үлкен-кіші. «Ұяшықа орналастыр» ойыны (2 жас) Міндеті: өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Сөздік қоры: қызыл.</p>	<p>Сөздік қоры: жылқы. «Қырқынан шығару» ойыны (3 жас) Міндеті: қырқынан шығару дәстүрімен таныстыру. Сөздік қоры: қырқынан шығару.</p>	<p>(3 жас) Міндеті: баланың сөздік қорын дамыту. Сөздік қоры: сырға сақина. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Дүкенші» ойыны. (2 жас) Міндеті: сөзер мен сөз тіркестерінің анық айтуылына назар аударатын дамыту. Сөздік қоры: жиһаз. (3 жас) «Кім көп біледі» Міндеті: жаңылтпаш, санамақ айтқызу. Сөздік қоры: санамақ. Дене шынықтыру «Кім жылдам» ойыны. (2 жас) Міндеті: қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Сөздік қоры: қол. (3 жас) Дене шынықтыру (дене</p>	<p>байланыстыру. Сөздік қоры: қыс. (3 жас) «Бесікке салу» ойыны. (3 жас) Міндеті: дәстүрге байланысты ән айту. Сөздік қоры: бесік. Сенсорика, математика негіздері (2 жас) «Үшбұрыштан не құрастыруға болады?» ойыны. Міндеті: заттарды салыстыру Сөздік қоры: үлкен-кіші. (3 жас) «Не жоқ» ойыны Міндеті: екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа) салыстыру. Сөздік қоры: пішіндер.</p>
--	---	---	---	--	--

	дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөздік қоры: арыстан.			шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)	
	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу.				
№ 1 серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды реттілікпен киінуін (ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
№ 1 серуен	Бақылау: ауа-райын бақылау. Міндеті: қысқы жағдайдағы ауа-райы туралы түсініктерін кеңейтуді және тереңдетуді жалғастырады жансыз табиғат нысандарына қызығушылықтарын дамытады, қыс мезгілі туралы танымдарын кеңейтеді. Сөздік қоры: ауа-райы. Еңбек: құстарға арналған жемсалғыштағы	Бақылау: қырауды бақылау. Міндеті: қыраудың қалай болатынын түсінеді. Қырау түскен ағаштарды бақылайды. Сөздік қоры: қырау. Қимылдық ойын: «Арқан тарту» Міндеті: түрлі қимыл қозғалыстарды қалыптастырады. Еңбек: қардан әр түрлі пішіндер жасау. Міндеті: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйренеді. Жеке жұмыс:	Бақылау: терезедегі өрнектерді бақылау. Міндеті: терезедегі өрнектердің пайда болуы туралы түсінікке ие болады. Байқағыштық ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түседі. Сөздік қоры: өрнек. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйренеді. Таза ауада бойларын шынықтырады. Жеке жұмыс: «Аяз	Бақылау: ауладағы ағаштарды бақылау. Міндеті: ағаштардың қыс кезіндегі қалпын анықтап, білімдерін толықтырады. Сөздік қоры: ағаш. Қимылдық ойын: «Қармен аулай білу» Міндеті: қардан айналуға, қармен шектелген шеңбер бойымен тез жүгіруге дағдыландыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Міндеті: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын түсінеді. Табиғатқа	Бақылау: қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. Міндеті: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта туралы білімдерін толықтырады, танымдарын кеңейтеді. Сөздік қоры: қар жинайтын машина Еңбек: кішкентай балалардың ойнайтын ауласын қардан тазарту. Міндеті: өздерінен кішілерге қамқоршы

	<p>қарды тазалау және оларды түрлі дәндерімен толықтыру. Міндеті: құстарға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді. Жеке жұмыс: суретпен жұмыс. Міндеті: берілген суреттерге қарап, ауа-райы түрлерін ажыратады, танымдарын кеңейтеді. Қимылдық ойын. Айтып қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап күректі қалай ұстау керектігін үйрету. Міндеті: балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден дәнді шұқып-ап.Бөтекесі бұлтиып,</p>	<p>«Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады». (қырау) Міндеті. Жұмбақ шешу арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытады, сөздік қорларын молайтады.</p>	<p>қысып, өрнек сызып, Терезенді торлайды. Қарға омбығып, Беті домбығып , Сырғып жастар ойнайды. Кейде ысқырып, Ұйытқып боран соғады. Айтындаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады? (қыста) Мақсаты: жұмбақ шешеді. Қимылды ойын: «Соқыр теке» Міндеті: шеңберде тез жүгіруге жаттығады, ептілікке үйренеді, ойынның сөздерін дұрыс айтып, жаттайды.</p>	<p>қамқоршы болуға тәрбиеленеді. Ұжымдық іс әркетке дағдыландыру. Жеке жұмыс: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Міндеті: ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан, қалай орналасуынан танып айыруға үйренеді,</p>	<p>болуға тәрбиеленеді. Жеке жұмыс: қар жинайтын машинаның суретін салу бояу. Міндеті: икемділіктерін дамытады, қимыл қозғалысты ойындарға деген қызығушылықтарын арттырады.</p>
--	--	--	---	---	--

	шиқ-шиқ етіп отырмақ.				
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)</p> <p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері.</p> <p>Балалардың ұқыптылығын бағалау.</p> <p>Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Ертегі оқу. «Әнші қоян»</p> <p>Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.</p> <p>(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңда</p>				
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>№ 1 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Шомылған баланы,</p>				

	<p>Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс- әрекеттер	<p>Дид. ойын «Ыдыс» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет) Міндеті: ересектерімен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Сөздік қоры: ыдыс.</p>	<p>Дид. ойын «Көлеңкесін тап» (3 жас). (сурет салу, жапсыру, құрастыру мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет) Міндеті: қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Сөздік қоры: көлеңке.</p>	<p>Дид. ойын: «Аю» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: ойыншықтарды қолданып ойнауға мүмкіндік беру. Сөздік қоры: аю.</p>	<p>Дид. ойын: «Өтешті бояуға түс танда» (3 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: кесектерді алақандарының арасында домалату, есу жаю тәсілдерді арқылы заттарды мүсіндеу. Сөздік қоры: өтеш.</p>	<p>Дид. ойын: «Табак» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті: мүсіндеуде пішінің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру. Сөздік қоры: табак.</p>
Балалармен жеке	<p>Балаармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б. (сөйлеудің</p>				

жұмыс	дамыту, математика негіздері)				
	<p>Ойын «Танып ал да, атын ата»(сөйлеу дамыту коммуникативтік қызмет)</p> <p>Міндеті: заттың түр түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру, сөздік қорларын молайту ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>2 жас Амангелді Алуа. Бейсенбаев Алан. Жакупбекова Айша Қанат Дарын Тасболат Ұлан</p>	<p>Ойын «Әр түсті таяқшалар» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p> <p>Міндеті: дене бөліктерін көрсетіп, атай білуге үйрету.</p> <p>3 жас Апмухатова Айсана Гуменяк Милана Жұматай Шах-Керім</p>	<p>Ойын: «Сандық» (сөйлеуді дамыту- ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)</p> <p>Міндеті: сөздерді анық айтуға үйрену, есту дағдыларын дамыту, сөздік қорларын молайту.</p> <p>2 жас Слипченко Макар Курманбаев Нияр Есен Бекзат</p>	<p>Ойын: «Дәмді алма» (сөйлеуді дамыту ойын, әлеу)</p> <p>Міндеті: ұшақтың, кеменің, машинаның даусын естіп, қай көлік екенін табу.</p> <p>3 жас Досанов Ислам Утенова Тамила Хажбатыров Джохар Айдарбек Болатхан</p>	<p>Ойын: «Кімге не керек?» (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Міндеті: түрлі мамандық иелері құралдарын (тәрбиеші, дәрігер, аспазшы, көмекші) басқаратыны туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>2 жас Тағар Темірлан Ержан Батыр Закревская Лиана</p>
Кешкі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді.</p> <p>Сөздік қоры: Рахмет. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.</p>				
№ 2 серуенге дайындық	<p>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме</p>				

	Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
№ 2 серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.				
	Кешен №1 бекіту Қимылды ойын: «Ұшақтар» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Айтшы қандай?» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Хан талапай» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	«Керісінше айт» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Дене мүшелері» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу. Сөздік қоры: Сау болыңыз!				

17.02.2025 м.
Тексерілгені: *Жуна*
Сабенова Ч.А.